

## №4 педагогикалық кеңес

31.03.2025 жыл

**Тақырыбы:** Білім алушылардың оқу әрекетін ынталандыру және дамуы үшін қолайлы білім беру ортасы қалыптастыру.

### Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы  
Директор: Киянов А.О.
2. 2025-2026 оқу жылының III тоқсан қорытындысы бойынша мемлекеттік стандарттың орындалуы және білім сапасы  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары:  
Хусман Р., Хасенова М.К.
3. Мемлекеттік емтиханға дайындық және қорытынды аттестаттау.  
Білім алушыларды денсаулығына байланысты қорытынды емтихандардан босату.  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Хасенова М.К.
4. 5-8 және 10-сынып білім алушыларының сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандары  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Хасенова М.К.
5. Ұжымды «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына» енгізілген өзгерістер мен таныстыру.  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Габдуллина К.М.
6. Педагог-психологтің үшінші тоқсандағы қызметінің қорытындысы  
Педагог-психолог: Габдуллина К.М., Жақан А.Б.
7. «Құқық бұзушылықтың алдын алу: мектепшілік есептегі оқушылармен жұмыс»  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Котиев Е.М.
8. AI-ассистенттерді сабақта пайдалану: NotebookLM және Qwen практикалық қолдану  
Физика мұғалімі: Асет Ахжархын  
Информатика мұғалімі: Налибаева А.Қ.
9. «Ертегіден ой тудырған эссе» авторлық жұмыс  
Бастауыш сынып мұғалімі: Умирзакова К.Н.

### **№3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы**

1. 2025-2026 оқу жылының 2 тоқсан бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы мектепшілік бақылауға сәйкес үлгерімі нәтижелерін қадағаланды.
2. 2025–2026 оқу жылының барысында «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында бірқатар тәрбиелік, ағартушылық және профилактикалық жұмыстар жүргізілді.
3. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

## №4 педагогикалық кеңес

31.03.2025 жыл

### Қаулы

1. 2025-2026 жылының 3 тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, мектепшілік бақылауға сәйкес төмен білім сапасын көрсеткен сыныптарымен жұмыс қатаң бақылауға алынсын.
2. 9-11 сынып білім алушыларын мемлекеттік емтиханға, қорытынды аттесттауға дайындық жұмыстары жүргізілсін; қорытынды емтихандардан денсаулығына байланысты босатылатын оқушылардың тиісті құжаттары әзірленсін.
3. 5-8, 10 сынып оқушыларының сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарына оқушыларды дайындау жұмыстары пән мұғалімдеріне тапсырылсын.
4. Ағымдағы оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтер, аталған бұйрық негізінде қағидалар мен шарттарына сәйкес жұмыстар жүргізілсін.
5. Оқушылардың психологиялық жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
6. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
7. Мұғалімдерге AI құралдарын оқу үдерісінде тиімді пайдалану бойынша әдістемелік қолдау көрсетілсін.
8. «Ертегіден ой тудырған эссе» авторлық жұмыс мектеп ішінде қолданысқа алынсын.